

# ДЗЮДО

күресінен КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін беруге арналған аттестациялау қызметінің және талаптарының тәртібі туралы ереже

---

Положение о порядке аттестационной деятельности и требований для присвоения квалификационных степеней КЮ и ДАН по борьбе ДЗЮДО



# **ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН**

КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін  
беруге арналған аттестациялау қызметінің және  
талаптарының тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2021

**ӘОЖ 796.082**  
**КБЖ 75.715.9**  
**А 90**

2015 жылдың 17 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы спорт және мәдениет Министрлігі спорт және дене шынықтыру бойынша Комитеті Төрағасы Е.Б. Қанағатовпен келісілген.

2015 жылдың 17 қыркүйегінде «Дзюдо федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Президенті К.Х.Рақышевпен бекітілген.

#### **Құрастырушы-авторлар:**

**А.Р. Житкеев** - 6 дан, спортқа еңбегі сіңген шебері, философия докторы

**В.Г. Масыгина** - 5 дан, ХКСМ, п.ғ.магистрі

**М.Н. Шепетюк** - 6 ДАН ІУФ, Қазақстан Республикасы спортына еңбегі сіңген бапкер, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

**Т.З. Бибулин** М.С - 6 ДАН ІУФ, жоғары ғ.к. бапкері

**Н.И. Патопеня** - Қазақстан Республикасы спортына еңбегі сіңген бапкер

**И.С. Ақбергенов** - 3 ДАН, Кокодан Дзюдо институты.

#### **Рецензиялаушылар:**

М. Мыктыбеков - Дзюдо федерациясының тұңғыш вице-президенті;

Н. Нуртазин - төреші директор, Олимпиядалық категорияның төрешісі;

А.Яцкевич - ұлттық құраманың бапкер-кеңесшісі, дзюдо сарапшысы

А 90 Дзюдо күресінен КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін беруге арналған аттестациялау қызметінің және талаптарының тәртібі туралы ереже. – Алматы: Қазақ университеті, 2021 ж. – 164 бет.

**ISBN 978-601-04-5676-1**

Ережені басылымға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру комитетінің РМҚК «Республикалық дене шынықтыру және спорт жөнінде оқыту-методикалық және аналитикалық орталығы» дайындаған - А.Т.Мыхыбаев.

Бұл оқу құралын Қазақстан Республикасындағы жаттықтырушылар мен спортшыларды даярлаудың негізгі бағдарламасы ретінде дзюдо секцияларында, мамандандырылған спорт мектептері мен спорт клубтарында оқу бағдарламасы ретінде пайдалану ұсынылады.

**ӘОЖ 796.082**  
**КБЖ 75.715.9**

ISBN 978-601-04-5676-1

© А.Р. Житкеев, В.Г. Масыгина, М.Н. Шепетюк,  
Т.З. Бибулин, Н.И. Патопеня, И.С. Ақбергенов, 2021

## КІРІСПЕ

Дзюдо – әлемнің көптеген елдерінде таралған күрестің танымал түрі. Дзюдомен айналысушыларға ерекше талаптар қойылады және ағзаларына кешендік әсерін береді. Дзюдомен айналысу тұлға тәрбиелеуде дзюдошы жасөспірім балаларға ерекше әсерін береді. Дзюдомен айналыса отырып, жігерсіздікті және кемшіліктерді жеңуге, өзін өзгертіп, өз мүмкіншіліктерін тануға болады.



Дзюдо тарихы - бұл жауынгерлік өнердің заманауи спорт түріне айналу процесі.

Дзюдоның негізін қалаушы Дзигоро Кано өзінің өмірін жастарды тәрбиелеуге арнап, қоғамға қызмет етуде дәстүр мен инновацияны жеке дамумен ұштастыра білді. Дзюдоның пайда болуы жапондық жауынгерлік өнер дәстүрлерімен, өмірлік дағдыларымен және Дзигоро Каноның жеке басымен тығыз байланысты.

Дзигоро Кано - 1860 жылы 28 қазанда дүниеге келген. Ол ерте жастан батыстың әсері дәстүрлі шығыс ілімдерімен араласқан қатаң түрде білім алды. Кано әлсіз, бірақ өте дарынды бала болатын. Оның сыныптастарының жасы үлкен, білекті болатын. Олар үнемі Каноны қорлап, мазақ қылатын. Осылайша ол джиу-джитсуды - әлсіздерге күштілерді жеңуге көмектесетін жауынгерлік өнерді үйренуге шешім қабылдады.

Кано әдістері дзюдоны шығарушы бұрын-соңды қолданған немесе зерттеген ежелгі джиу-джитсу формаларына негізделген, бірақ ол өлтіруге немесе денсаулыққа зиян келтіруге бағытталған барлық әдістерден бас тартты.

Күрес барысында қарсыластың кимоносынан ұстау күрестің міндетті элементіне айналды. Осылайша Кано зорлық-зомбылық деңгейін төмендетті. Сол себептерге байланысты ол құлау кезінде өзін-өзі қауіпсіздендіру әдістерін жетілдірді.

1882 жылы мамырда ол Токиодағы буддистер монастырының 12 татами бар бөлмесінен Кодокан мектебін («Жолды үйрету мектебі») ашып, дзюдо күресінің жаңа тәжірибесін үйрете бастады. Оның тоғыз шәкірті мен достары 20 шаршы метрлік шағын бөлмеге жиналып, лақтыруды, қарсыласты ұстап тұруды, оны мойынсұнуға мәжбүрлеп, буындыру немесе ауырту тәсілдерін қолдануды үйренді. Жаңалық - техникалық әрекеттерде емес, олардың орындалу тәсілі мен техниканың аяқталуында болды. Оқушылар саны тез өсті. Додзе Кокодан бірнеше рет көшті. Кано әдісін полиция мен әскери-теңіз флот қабылдады және бірнеше мектеп пен университеттерге енгізілді.

Кано философиясы үш мәдениет принциптеріне негізделген: білім алу, этиканы үйрету және дене тәрбиесі тәжірибесі арқылы денені дамыту. Ол өз көзқарасын келесі тұжырыммен түсіндірді: «Дені сау дене – ұзақ өмір сүрудің ажырамас шарты ғана емес, сонымен қатар барлық психикалық және рухани әрекеттердің негізі». Ол жаттығудың тиімділігін талап етті. «Адамның денсаулығы қаншалықты керемет болса да, егер ол қоғамның игілігі үшін жұмыс жасамаса, оның бар болуының еш мәні жоқ».

Дзюдо - Дзигоро Кано әзірлеген білім беру әдісі дзюдоньң негізгі қағидаларына және оның негіздерін сақтай отырып, ұзақ уақыт бойы толық беріліп, тұрақты түрде жаттығулар жасауға негізделеді. Дзюдо практикасы автономия мен өзін-өзі бақылауды, басқаларға деген құрметті арттыруға және айналамыздағы әлем туралы түсінікті жақсартуға көмектеседі.

Дзюдо практикасы Дзигоро Кано тұжырымдаған үш негізгі және бөлінбейтін принципке негізделген:

1) JU (Дзю) - бейімделу. Бірінші принцип - бұл қарсылық емес, бейімделу. Бұл қағиданың пәнмен тығыз байланысы бар, ол оған атау береді: дзюдомен айналысу - бейімделу

(Дзю) принципін қолдану жолына (До) түсуді білдіреді. Ол қимылдың, ырғағының, күш тепе-теңдігінің заңдылықтарын түсінуде нақты шеберлікке жету үшін бұлшықет күшінің қарама-қайшылығынан тыс жаттығуға шақырады. Дзю - өмірлік мақсат.

2) SEIRYOKU ZENYO (Сейрёку дзеньё) - Энергияны максималды пайдалану. Екінші принцип - физикалық және психикалық энергияны барынша пайдалану жолдарын іздеу. Бірінші принципті игеру негізінде екінші принцип кез келген мәселенің ең дұрыс шешімін қолдануды ұсынады: дер кезінде дұрыс әрекет ету, қолданылатын энергияны толық басқара отырып, серіктестің күші мен ниетін өзіне қарсы бағыттау.

3) JITA YUWA KYOEI (Джита ёва кюэй) - өзара көмек пен өркендеу. Үшінші ұстаным - үйлесімділік, өз күшімізді қоғамның басқа мүшелерінің күшімен біріктіру арқылы өзара өркендеу. Алғашқы екі принцип бойынша жақсы тәжірибеге сүйене отырып, ол топтық серіктестіктің болуы әркімнің ілгерілеуі үшін қажет және пайдалы деп есептейді. Дзюдода жеке прогресс бір-біріне көмек пен бір-біріне жол беру арқылы жүзеге асады. Jita Yuwa Kyoei - саналылық.

Дзюдо білім беру жүйесінде КЮ және ДАН біліктілік дәрежелеріне көп мән беріледі. Дзюдо тәжірибесі мен дәрежесі бар философиялық және психикалық білім жүйесі ретінде құрылды. КЮ мен ДАН - дзюдо үйренушілері дамуының өлшемі. Дзюдода тек бір дәрежеде көтерілуге болады, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық дамуы да қарастырылады.

### **Дзигоро Кано өмірбаянының басты күндері:**

- 1860 жылдың 28 қазанында Дзигоро Каноның туған күні;
- 1882 жылы мамырда Кодокан дзюдо мектебінің ашылуы;
- 1938 жылдың 4 мамырында Дзигоро Каноның қайтыс болған күні.

«1 Қосымша»

*Дзюдо күресі бойынша КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін тағайындауға арналған талаптары және аттестациялық қызметтің тәртібі туралы ережеге*

## **КЮ біліктілік дәрежелерін тағайындауға арналған аттестациялық талаптар**

### **6 КЮ. АҚ БЕЛБЕУ (Талаптар).**

Дзюдоның арқаулық тұжырымдамасы;  
Дзюдоның шығу тарихы;  
Дзюдо қағидаттары;  
Дзюдо десек - Дзигоро Кано дегеніміз;

**JUDOGI - дзюдо костюмі**



- DOJO – дзюдомен шұғылданатын спорт зал, өзін ұстау қағидалары;
- JUDOGI – дзюдодан жаттығуға арналған костюм (дзюдогиді дұрыс киюді және бүктеуді, оған күтім жасауды білу маңызды);

### Дзюдогиді дұрыс кию және бүктеу





**ОБИ (ОВІ)** – белбеу, белбеуді өз бетіңше қалай бууға болады.

---





2) РЭЙ (REI) – СЭЛЭМДЭСУ (ИЛЛУ)  
Ритсу-рэй (Ritsu-rei) – Тiк тҰрып сәлeмдесу

---



## Дза-рэй (Za-rei) – Тізерлеп сәлем беру

---



### 3) ШИСЭЙ (SHIZEI) – ТІК ТҰРУ

Шидзэн Хонтай	Shizen Hontai	Негізгі табиғи
Миги Шидзэнтай	Migi Shizentai	Оң жақ табиғи
Хидари Шидзэнтай	Shizentai	Сол жақ табиғи
Джиго Хонтай	Jigo Hontai	Негізгі қорғаныстық
Миги Джиготай	Migi Jigotai	Оң жақ қорғаныс- тық
Хидари Джиготай	Hidari Jigotai	Сол жақ қорғаныс- тық

**Shizen Hontai**



Шидзэн Хонтай  
Негізгі табиғи

**Migi Shizentai**



Миги Шидзэнтай  
Оң жақ табиғи

**Shizentai**



Хидари Шидзэнтай  
Сол жақ табиғи

## Jigo Hontai



Джиго Хонтай  
Негізгі  
қорғаныстық

## Migi Jigotai



Миги Джиготай  
Оң жақ  
қорғаныстық


## Hidari Jigotai




Хидари Джиготай  
Сол жақ  
қорғаныстық

#### 4) ШИНТАЙ (Shintai) БАЗАЛЫҚ ҚИМЫЛДАР


Аюми-аши (Ayumi-ashi) - жай адыммен қозғалу  
Цуги-аши (Tsugi-ashi) - Сүйемелі адыммен қозғалу



ілгерінді-кейін




солға-оңға




диагоналды бойлап

## 5) ТАЙ-САБАКИ (Tai-Sabaki) БҰРЫЛЫСТАР


- 90° ілгері адымдау – Mae - sabaki
- 90° кейін адымдау - Ushiro - sabaki
- 180° айқасқан адымдармен (бірі ілгерінді, екіншісі диагоналды бойлап кейін)
- 180° айқастыра адымдау (бірі кейін, екіншісі диагоналды бойлап ілгері)
- 180° ілгерінді айналма адымдау – Mae-mawari-sabaki
- 180° кейін айналма адымдау - Ushiro-mawari-sabaki



90° ілгері адымдау




90° кейін адымдау




180° айқастыра адымдау  
(бірі кейін, екіншісі диагоналды бойлап ілгері)





180° айқасқан адымдармен  
(бірі ілгерінді, екіншісі диагоналды бойлап кейін)



180° айқастыра адымдау  
(бірі кейін, екіншісі диагоналды бойлап ілгері)

## 6) КУМИКАТА (KUMI-KATA) – ҚАРМАУ

---

Негізгі қармаулар:

Негізгі (классикалық) қармау (жең-қайырма);

Жан-жақты қармау;

Біржақты қармау;


Дзюдоның негізгі қағидаты КУДЗУШИ- TSUKURI- KAKE





## 7) КУДЗУШИ (KUZUSHI)

Маэ-кудзуши	Mae-kuzushi	Ілгері
Уширо-кудзуши	Ushiro-kuzushi	Кейін
Миги-кудзуши	Migi-uzushi	Оңға
Хидари-кудзуши	Hidari-kuzushi	Солға
Маэ-миги-кудзуши	Mae-migi-kuzushi	Ілгері-оңға
Маэ-хидари-кудзуши	Mae-hidari-kuzushi	Ілгері-солға
Уширо-миги-кудзуши	Ushiro-migi-kuzushi	Кейін-оңға
Уширо-хидари-кудзуши	Ushiro-hidari-kuzushi	Кейін-солға



## 8) TSUKURI және KAKE

---

TSUKURI - қарсыласыңызды тепе-теңдіктен айырғаннан кейін сіз өз денеңізді лақтыру күйінде алға шығарасыз, бұл - TSUKURI (айналу) деп аталады

KAKE - қарсыластың ырғауы



тепе-теңдіктен айыру



бұру



қарсыласты лақтыру

## 9) УКЭМИ (УКЕМИ) – ҚҰЛАУ ілу.

---

Уширо (Кохо) –укэми	Ushiro (Koho) – ukemi	Жүрелеу, жартылай жүрелеу, тік тұру күйлерінен арқаға ілу.
Еко (Сокухо) –укэми	Yoko (Sokuho) – ukemi	Жүрелеу, жартылай жүрелеу, тік тұру күйлерінен бүйірге ілу.
Маэ (Дзэнпо) –укэми	Maе (Zenpo) – ukemi	Тізерлеген, жартылай жүрелеген, тік тұрған күйлерден ішпен ілу.
Маэ - мавари -укэми	Maе - mawari – ukemi	Ілгері, бір тізерлеп, тік тұрған күйден иықты айналдыра ілу. Ілуді аяқтап, спортшы жаңа шабуылға дайын күйі бетпе-бет екі аяққа тұруы тиіс.

\* - ресми түрде емтихан тапсырылмайды, бірақ жаңадан бастағанда міндетті түрде оқытылады. Ең аз дегенде бір айдың ішінде спортшы ілуді үйренеді және тұрған күйдегі күреске жіберілмейді.



Отырған күйінен (ushiro – ukemi)




Жартылай отырғызу күйінен (ushiro – ukemi)



Сөреден (ushiro – ukemi)







Отырған күйінен (yoko – ukemi)



Жартылай отырғызу күйінен (yoko – ukemi)



Середен (уоко – укети)



Тізе бүктелген күйден (мае – ukemi)



Жартылай отырған позициядан (мае – ukemi)



Сөреден (мае – ukemi)



Mae-mawari-ukemi



дұрыс емес



дұрыс



Mae-mawari-ukemi

## ТЕХНИКАНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

NAGE-WAZA  
KATEME-WAZA  
ATEMI-WAZA

ЫПҒУ ТЕХНИКАСЫ  
ТЫРП ЕТКІЗБЕУ ТЕХНИКАСЫ  
СОҒҚЫЛАУ ТЕХНИКАСЫ

### NAGE-WAZA

<b>Tachi-waza</b>		
<b>Te-waza</b>	<b>Koshi-waza</b>	<b>Ashi-waza</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Seoi-nage</li> <li>2. Ippon-seoi-nage</li> <li>3. Seoi-otoshi</li> <li>4. Tai-otoshi</li> <li>5. Kata-guruma</li> <li>6. Sukui-nage</li> <li>7. Obi-otoshi</li> <li>8. Uki-otoshi</li> <li>9. Sumi-otoshi</li> <li>10. Yama-arashi</li> <li>11. Obi-tori-gaeshi</li> <li>12. Morote-gari</li> <li>13. Kuchiki-taoshi</li> <li>14. Kibisu-gaeshi</li> <li>15. Uchi-mata-sukashi</li> <li>16. Ko-uchi-gaeshi</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Uki-goshi</li> <li>2. O-goshi</li> <li>3. Koshi-guruma</li> <li>4. Tsurikomi-goshi</li> <li>5. Sode-tsurukomi-goshi</li> <li>6. Harai-goshi</li> <li>7. Tsuru-goshi</li> <li>8. Hane-goshi</li> <li>9. Utsuri-goshi</li> <li>10. Ushiro-goshi</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. De-ashi-harai</li> <li>2. Hiza-guruma</li> <li>3. Sasae-tsurikomi-ashi</li> <li>4. O-soto-gari</li> <li>5. O-uchi-gari</li> <li>6. Ko-soto-gari</li> <li>7. Ko-uchi-gari</li> <li>8. Okuri-ashi-harai</li> <li>9. Uchi-mata</li> <li>10. Ko-soto-gake</li> <li>11. Ashi-guruma</li> <li>12. Harai-tsurikomi-ashi</li> <li>13. O-guruma</li> <li>14. O-soto-guruma</li> <li>15. O-soto-otoshi</li> <li>16. Tsubame-gaeshi</li> <li>17. O-soto-gaeshi</li> <li>18. O-uchi-gaeshi</li> <li>19. Hane-goshi-gaeshi</li> <li>20. Harai-goshi-gaeshi</li> <li>21. Uchi-mata-gaeshi</li> </ol>

<b>Sutemi-waza</b>		
<b>Ma-sutemi-waza</b>	<b>Yoko-sutemi-waza</b>	
1. Tomoe-nage	1. Yoko-otoshi	9. Yoko-gake
2. Sumi-gaeshi	2. Tani-otoshi	10. Daki-wakare
3. Hikkomi-gaeshi	3. Hane-makikome	11. O-soto-makikomi
4. Tawara-gaeshi	4. Soto-makikomi	12. Uchi-mata-makikomi
5. Ura-nage	5. Uchi-makikomi	13. Harai-makikomi
	6. Uki-waza	14. Ko-uchi-makikomi
	7. Yoko-wakare	15. Kani-basami
	8. Yoko-guruma	16. Kawazu-gake*

### KATEME-WAZA

<b>Osae-komi-waza</b>	<b>Shime-waza</b>	<b>Kansetsu-waza</b>
1. Kesa-gatame	1. Name-juji-jime	1. Ude-garami
2. Kuzure-kesa-gatame	2. Guaku-juji-jime	2. Ude-hishigi-juji-gatame
3. Ushiro-kesa-gatame	3. Kata-juji-jime	3. Ude-hishigi-ude-gatame
4. Kata-gatame	4. Hadaka-jime	4. Ude-hishigi-hiza-gatame
5. Kami-shiho-gatame	5. Okuri-eri-jime	5. Ude-hishigi-wake-gatame
6. Kuzure-kame-shiho-gatame	6. Kata-ha-jime	6. Ude-hishigi-hara-gatame
7. Yoko-shiho-gatame	7. Katate-jime	7. Ude-hishigi-ashi-gatame
8. Tate-shiho-gatame	8. Ryote-jime	8. Ude-hishigi-te-gatame
9. Uki-gatame	9. Sode-guruma-jime	9. Ude-hishigi-sankaku-gatame
10. Ura-gatame	10. Tsukkomi-jime	10. Ashi-garami*
	11. Sankaku-jime	
	12. Do-jime*	

\* - тыйым салынған техника



## 5 КЮ. САРЫ БЕЛБЕУ.

НАГЭ-ВАДЗА (NAGE – WAZA). ЫРҒУ ТЕХНИКАСЫ

Tachi-waza

Te-Waza- қол техникасы

Ashi-waza- аяқ техникасы

\* Тори барлық тәсілдерді орнында істейді, атауларын жапон тілінде атайды, – содан соң қос қапталға қозғалады. Ақырында партер беріледі.

Uki-otoshi	Қолды алдыға созып, тепе-теңдіктен шығару	
Tai-otoshi	Аяқты тіреп, алдыға лақтыру	
Okuri-ashi-harai	Адымның қарқынымен тобықтан қағу	
Kouchi-gari	Өкшенің ішінен қағу	

<p>Sasae-tsurikomi-ashi</p>	<p>Қойылған аяқтың астынан, алдынан қағу</p>	
<p>Seoi-nage</p>	<p>Арқаға салып лақтыру (орыннан жасалады)</p>	
<p>Ippon seoi nage</p>	<p>Қолды қармап иықтан лақтыру (қозғалыстағы шабуыл кезінде)</p>	

## Ne-Waza ПАРТЕР

КАТАМЭ-ВАДЗА (КАТАМЕ – WAZA). Тырп еткізбейтін амалдар техникасы – Osae-komi-waza-ұстап тұру.

Сдает Тори және Укэ – ұстап тұрудан кетудің екі нұсқасын көрсетеді. Тори жауап қатады, әрі бақылайды. Бір қапталынан ғана көрсетіледі.

Kesa-gatame	Бүйірден ұстау	
Kata-gatame	Бас пен жақын қолын бірге қармап, бүйірден ұстау	
Kami-shiho-gatame	Бас жағынан ұстау	
Kuzure-kami-shiho-gatame	Бас жағынан ұстау кезінде бір қолы белбеуден, екіншісі астынан алады. УКЕ басы бүйір жақта болады	

## 4 КЮ. САҒЫЛТ БЕЛБЕУ

НАГЭ-ВАДЗА ТҰРЫСЫ (NAGE – WAZA). Ырғу техникасы

Te-Waza – қол техникасы

Ashi-waza – аяқ техникасы

Koshi-waza – Бөксемен және жамбастан асырып лақтыру техникасы

Sumi-otoshi	Артқа итеріп, тепе-теңдіктен шығару	
O-soto-otoshi	Артқа қарай қырқа шалу	
O-soto-gari	Артқы қармау	
O-goshi	Шабуылдағанда жамбастан айналдырып лақтыру (орнында) ықтырып, жамбастан асырып лақтыру	

Uki-goshi	Шабуылдағанда жамбастан айналдырып лақтыру (қозғалыста)	
Harai-goshi	Жамбаспен қармау (қос аяқтап)	
(Sode-tsurikomi-goshi лақтыруға рұқсат етілген)	Қайырып қармап, жамбастан лақтыру Жеңді ұстай, жамбастан лақтыру	

## Ne-Waza ПАРТЕР:

КАТАМЭ-ВАДЗА (КАТАМЕ-WAZA). Тырп еткізбейтін амалдар техникасы

Osae-komi-waza – ұстап тұру

Kansetsu-waza – ауыртпа тәсілдер





Yoko-shiho-gatame	Көлденеңінен ұстау	
Tate-shiho-gatame	Мініп алып ұстау	
Ude-hishigi-ude-gatame	Ауыртпа, қолдарын бүгіп, иығымен және баспен бекіту	
Ude-hishigi-juji-gatame	Қолды аяқтың арасынан қармап шынтақпен серпу	

### 3 КҮ. ЖАСЫЛ БЕЛБЕУ.

НАГЭ-ВАДЗА ТҰРЫСЫ (NAGE-WAZA). Ырғу техникасы  
Te-Waza – қол техникасы Koshi-waza-мықынмен және  
жамбаспен ықтыру техникасы

Ashi-waza – аяқ техникасы Yoko-sutemi-waza – бүйірге  
құлау техникасы

Seoi-otoshi	Тізерлеп арқадан лақтыру (бір немесе екі тізеден)	
Koshi-guruma	Қарсыластың мойнын қармап, жамбастан лақтыру.	
Tani-otoshi	Құлап жатып, өкшемен артқа қарай шалу	





Kosoto-gari	Сырттан өкшемен қағу	
Ko-soto-gake	Аяқпен сырттан орау	
De-ashi-harai	Бір аяқтап бүйірден қағу тобықтан	
O-uchi-gari	Аяқпен ішінен тізеден орау	



## Ne-Waza Партер:

КАТАМЭ-ВАДЗА (KATAME-WAZA). Тырп еткізбейтін амалдар техникасы

Kansetsu-waza-ауыртпа тәсілдер; Shime-waza – буындыратын тәсілдер.

Ude-hishigi-hiza-gatame	Тізенің көмегімен шынтақпен серпу	
Ude-garami	Шынтақпен бұрау	
Gyaku-juji-jime	Қолдарды айқастыра алдынан буындыру (алақанын ішінен, бас бармақ сыртынан.)	
Nami-juji-jime	Қолдарды айқастыра алдынан буындыру (алақанын сыртынан, бас бармақ ішінен.)	





• Спортшылар 1 жасөспірім немесе 2 ересек разрядқа нормативтер орындамағанға дейін жасыл белбеуге тапсыруға жіберілмейді.

## 2 КҮ. КӨК БЕЛБЕУ.

НАГЭ-ВАДЗА тұрысы (NAGE-WAZA). Ырғу техникасы  
Ashi-waza – аяқ техникасы Yoko-sutemi-waza – бүйірге  
жатқызу техникасы

Koshi-waza – мықынмен және жамбаспен қағу техни-  
касы Ma-sutemi-waza – арқаға жатқызу техникасы

---

Tomoe-nage (Томоз-наге)	Өкшемен ішке тіреп, бастан айналдыра лақтыру	 A photograph showing a blue gi practitioner performing Tomoe-nage on a white gi practitioner. The blue gi practitioner is in a crouched position, using their feet to support the white gi practitioner's back, lifting them into the air.
Sumi-gaeshi (Суми-гаеши)	Тізені тіреп лақтыру	 A photograph showing a blue gi practitioner performing Sumi-gaeshi on a white gi practitioner. The blue gi practitioner is using their knees to support the white gi practitioner's back, lifting them into the air.
Yoko-otoshi (Йоко-отоши)	Құлап жатып өкшемен бүйірден шалу	 A photograph showing a blue gi practitioner performing Yoko-otoshi on a white gi practitioner. The blue gi practitioner is using their feet to support the white gi practitioner's back, lifting them into the air.
Soto-makikomi (Сото-макикоми)	Иықтан қапсыра ұстап айналды- рып лақтыру.	 A photograph showing a blue gi practitioner performing Soto-makikomi on a white gi practitioner. The blue gi practitioner is using their arms to support the white gi practitioner's back, lifting them into the air.

<p>Hane-goshi (Ханэ-гоши)</p>	<p>Жамбасты беріп, тіземен іштен шалу</p>	
<p>Uchi-mata (Учи-мата)</p>	<p>Бір аяқтап шалу (жетекпен орын- далады)</p>	
<p>Hiza-guruma (Хиза-гурума)</p>	<p>Тізерлеп, алдынан қағу</p>	

## Ne-Waza ПАРТЕР:

КАТАМЭ-ВАДЗА (KATAME-WAZA). Тырп еткізбейтін амалдар техникасы

Shime-waza – буындыратын тәсілдер

---

Kata-juji-jime (Ката-джуджи-джимэ)	Қолдарды айқастырып алдынан буындыру (бір алақанды үстінен, екіншісін төменнен)	
Okuri-eri-jime (Окури-эри-джимэ)	Екі қайырып, артынан буындыру	
Kata-ha-jime (Ката-ха-джимэ)	Қолды шығарып, қайырып, артынан буындыру	
Hadaka-jime (Хадака-джимэ)	Иықпен және білекпен артынан тұншықтыру	

Спортшылар 1-2 ересек разрядын орындамағанша тапсыруға жіберілмейді

## 1 КЮ. ҚОҢЫР БЕЛБЕУ





НАГЭ-ВАДЗА ТҰРЫСЫ (NAGE-WAZA). Ырғу техникасы





Ashi-waza – аяқ техникасы,

Koshi-waza – бөксемен және жамбаспен ықтыру техникасы,

Ma-sutemi-waza – арқаға жатқызу техникасы,

Yoko-sutemi-waza – бүйірге жатқызу техникасы.





Yoko-guruma	Бүйірге бұрап, құлап жатып, кеудеден асыра лақтыру	
Ushiro-goshi	Жамбастан асыра лақтырып, жұлқи тастау	
Utsuri-goshi	Кеудемен ықтырып алып, жамбастан асыра лақтыру	
		

O-guruma	Шалған аяқты алға бұрап, алдыңғы аяқпен асыра лақтыру	
Ashi-guruma	Кейінгі аяқты бұрап, аяқтан асыра лақтыру	
Harai-tsurikomi-ashi	Кейінгі аяқпен алдынан қағу	
Ura-nage	Бүктеп кеудеден асыра лақтыру	

## Ne-Waza ПАРТЕР:

КАТАМЭ-ВАДЗА (KATAME-WAZA). Тырп еткізбейтін амалдар техникасы

Shime-waza – буындыру тәсілдері Kansetsu-waza-ауыртпа тәсілдер

Ude-hishigi-sankaku-gatame (Уде-хишиги-санкаку-гатамэ)	Бас пен қолды аяқпен қармап, шынтақпен серпу	 A photograph showing a Judo practitioner in a white gi performing Ude-hishigi-sankaku-gatame on an opponent in a blue gi. The practitioner is on top, with their feet on the opponent's head and arms, and their hands on the opponent's shoulders.
Ude-hishigi-waki-gatame (Уде-хишиги-ваки-гатамэ)	Қолмен қолтықтан қапсырып, шынтақпен серпу	 A photograph showing a Judo practitioner in a white gi performing Ude-hishigi-waki-gatame on an opponent in a blue gi. The practitioner is on top, with their hands on the opponent's shoulders and their feet on the opponent's head.
Tsukкоми-jime (Цуккоми-джимэ)	Екі қайырып, алдынан буындыру	 A photograph showing a Judo practitioner in a white gi performing Tsukкоми-jime on an opponent in a blue gi. The practitioner is on top, with their hands on the opponent's shoulders and their feet on the opponent's head.
Sankaku-jime (Санкаку-джимэ)	Бас пен қолды аяқпен қапсырып, буындыру	 A photograph showing a Judo practitioner in a white gi performing Sankaku-jime on an opponent in a blue gi. The practitioner is on top, with their feet on the opponent's head and arms, and their hands on the opponent's shoulders.

Спортшылар КМС нормативін орындамағанша тапсыруға жіберілмейді.

## ЖАРЫСУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҮЗДІК НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН, ОҚЫП-ҮЙРЕНУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОСЫМША ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛ:

### 5 КЮ

КАТАМЭ-ВАДЗА (тырп еткізбейтін амалдар техникасы)

Yoko-kaeri-waza	Еко-каэри-вадза	Қолмен қапсырып, аудару
Yoko-kaeri-waza	Еко-каэри-вадза	Қолмен және аяқпен қапсырып, аудару
Yoko-kaeri-waza	Еко-каэри-вадза	Белінен, иығынан қолмен қапсырып, аудару
Ne-kaeri-waza	Нэ-каэри-вадза	Аяқпен астынан аудару
Maе-ashi-tori-waza	Маэ-аши-тори-вадза	Аяқ жағынан бұзып өту

### 4 КЮ

RENZOKU-WAZA. РЭНСОКУ-ВАДЗА (айла-амалдар техникасы)

Уки-гоши – Тай-отоши	Жамбастап лақтыру – Алдынан шалу
Дэ-аши-харай – Тай-отоши	Бүйірден қағу – Алдынан шалу
Дэ-аши-харай – Сасаэ-цурикоми-аши	Бүйірден қағу – Алдынан қағу
Дэ-аши-харай – Харай-гоши	Бүйірден қағу – Қаусырып ұстау
Дэ-аши-харай – Сэой-нагэ	Бүйірден қағу – Арқадан айналдыра тастау
Сасаэ-цурикоми-аши – О-сото-отоши	Алдынан қағу – Арттан шалу



### 3 КЮ

RENZOKU-WAZA. РЭНСОКУ-ВАДЗА (айла-амалдар техникасы)

Харай-гоши – Тай-отоши	Қаусырып ұстау – Алдынан шалу
О-учи-гари – Ко-учи-гари	Тіземен іштен ілу – Өкшемен ішінен осылай қағу.
О-учи-гари – Тай-отоши	Тіземен іштен ілу – Алдынан шалу
О-учи-гари – Сэой-нагэ	Тіземен іштен ілу – Арқадан асыра лақтыру
Тай-отоши – О-учи-гари	Алдынан шалу – Тіземен іштен ілу
Сэой-нагэ – О-учи-гари	Арқадан асыра лақтыру – Тіземен іштен ілу

### 2 КЮ

RENZOKU-WAZA. РЭНСОКУ-ВАДЗА (айла-амалдар техникасы)

KAESHI-WAZA. КАЭШИ-ВАДЗА (қарсы амал ету техникасы)

Seoi-nage – Ko-uchi-gare	Сэой-нагэ – Ко-учи-гари	Арқадан асыра лақтыру – Іштен қағу
Uchi-mata – O-uchi-gari	Учи-мата – О-учи-гари	Ішінен қапсырып ұстау – Ішінен тізе- мен ілу
Ko-uchi-gari – Seoi-nage	Ко-учи-гари – Сэой-нагэ	Ішінен қағу – Арқадан асыра лақтыру
O-uchi-gari – Uchi- mata	О-учи-гари – Учи-мата	Тіземен іштен ілу – Ішінен қаусырып ұстау
O-soto-otoshi – Seoi-nage	О-сото-отоши – Сэой-нагэ	Артынан шалу – Арқадан асыра лақтыру
Harai-goshi – Ushiro-goshi	Харай-гоши – Уширо-гоши	Қаусыруға қарсы төңкеріп отырғызу

Uchi-mata – Tai-otoshi	Учи-мата – Тай-отоши	Ішінен қаусыруға қарсы алдынан шалу
Koshi-guruma-Harai-gashi	Коши-гурума – Харай-гоши	Жамбастан асыра лақтыру – Қаусырып ұстау
Tsurikomi-goshi-Uchi-mata	Цурикоми-гоши – Учи-мата	Жамбастан асыра лақтыру – Ішінен қағу
Deashi-harai- Uchi-mata	Дэ-аши-харай – Учи-мата	Бүйірден қағу – Ішінен қаусырып ұстау

## 1 КЮ

KAESHI-WAZA. КАЭШИ-ВАДЗА (қарсы амал ету техникасы)

Seoi-nage – Te-guruma	Сэой-нагэ – Тэ-гурума	Арқадан асыра лақтыруға қарсы белден қапсырып, бүйірден аудару
Te-guruma – Uchi-mata	Тэ-гурума – Учи-мата	Бүйірден аударуға қарсы ішінен қаусырып ұстау
Ko-soto-gake – Uchi-mata	Ко-сото-гакэ – Учи-мата	Тізімен сыртынан ілуге қарсы ішінен қапсырып ұстау
Ko-uchi-gari – Ko-soto-gari	Ко-учи-гари – Ко-сото-гари	Ішінен қағуға қарсы артынан қағу
Seoi-nage – Ura-nage	Сэой-нагэ – Ура-нагэ	Арқадан асыра лақтыруға қарсы бүктеп кеудеден асыра лақтыру
Uchi-mata – Te-guruma	Учи-мата – Тэ-гурума	Ішінен қапсырып ұстауға қарсы белден қапсырып, бүйірден аудару

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «дене шынықтыру және спорт туралы» және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңдарына, Қазақстан дзюдо федерациясының (ҚРДФ) Жарғысына, Азиаттық дзюдо одағының (JUA- АДО) Жарғысына және халықаралық дзюдо федерациясының (IJF- ХДФ) Жарғысына сәйкес әзірленді:

1.2. Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) аттестациялау қызметі – аттестаттауды өткізуге байланысты іс-шаралар кешені;

2) аттестациялау – аттестаттау субъектісінің спорттық-техникалық шеберлігі деңгейінің аттестациялау талаптарына сәйкестігін анықтау процесі;

3) аттестациялау талаптары – орындалуы үшін белгілі бір біліктілік дәрежені тағайындау және тиісті аттестациялау куәлігін (сертификатын) алу міндетті бекітілген қағидалар, нормалар мен стандарттар;

4) аттестациялау субъектісі – аттестациялауды ұйымдастыратын сарапшылар;

5) аттестациялау объектісі – аттестациядан өтетін жеке тұлға;

6) біліктілік – спорттық-техникалық шеберліктің аттестациялау критерийлеріне сәйкестігі деңгейі;

7) біліктілік дәрежесі – тізілімдегі біліктілікке тиісті ұғым;

8) КЮ – оқушының біліктілік дәрежесі;

9) ДАН – шебердің біліктілік дәрежесі;

10) аттестациялау критерийі – біліктілікті анықтау қағидадары мен белгілерінің жиынтығы;

11) аттестациялау комиссиясы – аттестациялау қызметін қамтамасыз ету үшін сарапшы мамандардан құрылатын алқалы орган;

12) КАТА - қатаң тәртібі мен орындау ережелері бар дзюдо техникалық әрекеттерінің арнаулы кешендері;

13) Тори мен Уке - жапондық жекпе-жек өнеріндегі өзара байланысты ұғымдар, олар техниканы қолдану барысында серіктестердің рөлін анықтайды. «Тори» термині тәсілді орындайтын адамды білдіреді. Уке - техниканы «қабылдайтын» адам, әдетте уке серіктес немесе шартты қарсылас ретінде әрекет етеді;

14) аттестациялық комиссия бөлімінің сарапшысы – аттестациялық қызметте қатысу үшін өкілетті және құзыретті болып табылған жеке тұлға (1 ДАН-нан жоғары біліктілігі бар бапкерлер, нұсқаушылар).

15) аттестациялау куәлігі – біліктілікті растайтын ресми құжат;

16) сарапшы сертификаты – сарапшының өкілеттіктерін растайтын ресми құжат.

17) атқару комитетінің бюросы – ҚР ДФ президентінің бұйрығымен бекітілген ҚРДФ мүшелері.

20) жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы – спортшыны дайындаудың оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын және оның спорттық нәтижелерге жету үшін бәсекелестік қызметін бақылайтын жеке тұлға;

21) бірінші жаттықтырушы - жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың бастапқы (ерте) кезеңінде спортшыны дайындайтын (кемінде үш жыл) жаттықтырушы;

22) жеке жаттықтырушы - спорт түрі бойынша спортшыны Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасынан (спорт түрі бойынша ұлттық құрама) тыс жерде жеке жаттығу жоспарын орындауға дайындайтын (кемінде үш жыл) жаттықтырушы;

23) нұсқаушы-спортшы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу шарттары бойынша спорттық қызметті жүзеге асыратын спортшы.

1.3. Осы Ереже ҚР аумағында дзюдодағы КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін тағайындау жөніндегі аттестациялау қызметінің бірыңғай тәртібін белгілейді.

Одан басқа Ережені дене шынықтыру және спорт мандығы бойынша оқушыларға, спортшыларға, бапкер-

лерге және дзюдоның басқа да әуесқойларына оқу құралы ретінде қолдануға болады.

1.4. Аттестациялау қызметінің мақсаты қазақстандық дзюдоның қазақстандық дәстүрлерді сақтай отырып, азиаттық және әлемдік жүйеге әрі қарай ықпалдасуы үшін құқықтық, ұйымдастыру және экономикалық шарттарды жасау және жетілдіру болып табылады.

1.5. Аттестациялау қызметінің негізгі міндеттері:

- КЮ және ДАН біліктілік дәрежелері – спорт разрядтарының халықаралық жүйесін енгізу;

- халықаралық тәжірибеге сәйкес жапон тілінде дзюдо техникасының терминологиясын зерттеуге және қолдануға көмек көрсету;

- спортшылардың базалық техникалық даярланғандық және жаттықтырушылардың, төрешілердің, дзюдо мамандарының кәсіби шеберлігі деңгейін арттыру;

- бапкерлік қызметті жүйелендіру және балалар дзюдосын дамыту;

- елдің жоғары білікті спортшыларын дайындау үшін негіз ретінде базалық білім беру;

- Қазақстан Республикасы дзюдосында КАТА бағытын дамыту;

- дзюдо жаттығуларына халықтың кең топтарын қатыстыру болып табылады.

1.6. Аттестациялау қызметінің негізгі қағидаттары:

- аттестациялау шараларының алқалылығы, ашықтығы және объективтілігі;

- тең құқықтарды сақтау – барлық аттестациялау субъектілері үшін бірыңғай қағидаларды, нормалар мен стандарттарды қолдану;

- жалпыға бірдей қолжетімділігі – аттестациялау комиссиясы тарапынан аттестациялау субъектілерін толық ақпаратпен қамтамасыз ету;

- аттестациялау рәсімінен өтудің еріктілігі болып табылады.

1.7. Қазақстан дзюдо федерациясы аттестациялауды өткізу және КЮ және ДАН біліктілік дәрежелерін (1-ден 6 ДАНға дейін) тағайындау құқығын иеленеді.

1.7 а) 4,5,6 ДАН-нан бастап, JUA, IJF сертификаттарымен дәлелденеді.

1.8. Осы Ереженің мазмұны барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық ақпарат болып табылады.

## 2. Біліктілік дәрежелері

2.1. Біліктілік дәрежелері мен олардың спорттық разрядтар мен атақтарды орындауға үлгі сәйкестік кестесі

<b>ұғым</b>	<b>дәреже</b>	<b>белбеудің түсі</b>	<b>разряд</b>
6 КЮ (року кю)	1 оқушылық	ақ	жоқ
5 КЮ (го кю)	2 оқушылық	сары	2 жөс-р/сыз
4 КЮ (ши кю)	3 оқушылық	сарғылт	1-2 жө
3 КЮ (сан кю)	4 оқушылық	жасыл	1 жө, 2 ерес.
2 КЮ (ни кю)	5 оқушылық	көк	1-2 разряд ерес.
1 КЮ (ичи кю)	6 оқушылық	қоңыр	СШҮ
1 ДАН (шо дан)	1 шебер	қара	СШҮ-СШ
2 ДАН (ни дан)	2 шебер	қара	СШ
3 ДАН (сан дан)	3 шебер	қара	СШ-ХДСШ
4 ДАН (ён дан)	4 шебер	қара	ХДСШ
5 ДАН (го дан)	5 шебер	қара	ХДСШ, ЕСШ
6 ДАН (року дан)	6 шебер	қызыл-ақ	ЕСШ
7 ДАН (сичи дан)	7 шебер	қызыл-ақ	
8 ДАН (хачи дан)	8 шебер	қызыл-ақ	
9 ДАН (ку дан)	9 шебер	қызыл	
10 ДАН (дзю дан)	10 шебер	қызыл	

2.2. Әр біліктілік дәрежені тағайындау үшін аттестациялау өткізіледі.

2.3. Оқушының КЮ дәрежесі спортшының жасына және дәрежесіне сәйкес болуы керек.

### **3. Аттестациялауға қатысушылар: аттестациялау субъектілері, аттестациялау объектілері, аттестациялық комиссиясы, сарапшылар**

3.1. Аттестациялау объектілері болып табылатын кәметке толған аттестациялауға қатысушылар ҚРДФ-ның тіркелген мүшелері болуы тиіс.

3.2. Кәметке толмаған аттестациялауға қатысушылар аттестациялаудан өткеннен кейін ҚРДФ-да тіркеледі.

3.3. Аттестациялау комиссиясы келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- аттестациялау субъектілерінің спорттық-техникалық шеберлігі деңгейін бақылауды іске асырады, аттестациялау нәтижелерінің есебін жүргізеді;

- аттестациялау нәтижелері бойынша апелляцияларды қарастырады;

- аттестациялау субъектілеріне аттестациялау қызметінің тәртібіне енгізілетін өзгерістер туралы хабарлайды.

3.4. Аттестациялау субъектілері - сарапшылар аттестациялау комиссиясының тапсырмасы бойынша аттестациялау рәсіміне қатысады, аттестациялау нәтижелерін бекітеді, мына функцияларды жүзеге асырады:

- аттестациялауға ресми өтінім дайындайды;
- аттестациялауға қажетті ақпаратты ұсынады;
- аттестациялауға қатысады.

3.5. Сарапшылардың комиссия құрамы мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:


## 4. Орталық аттестациялау комиссиясы

4.1. Орталық аттестациялау комиссиясының құрамы (бұдан әрі – ОАК) - ҚРДФ атқару комитеті бюросының шешімімен 4 жыл мерзімге бекітіледі.

4.2. Орталық аттестациялау комиссиясының құрамына:

- төраға, біліктілігі 6 ДАН-нан төмен емес;
- төрағаның орынбасары, біліктілігі 5 ДАН-нан төмен емес;
- хатшы, біліктілігі 4 ДАН-нан төмен емес;
- Бас сарапшылар, КАТА жөнінде сарапшылар.

### Орталық аттестациялау комиссиясының құрылымы



4.3. Сайлау Олимпиадалық циклдың басында өткізіледі. ҚРДФ атқару комитетінің бюросы отырысында төраға, төрағаның орынбасары және хатшы тағайындалады.

4.4. Отырыста ҚРДФ атқару комитетінің бюросы мүшелерінің 70 % немесе одан артық адам болған жағдайда ғана сайлау өтті деп саналады.

4.5. ОАК төрағасы ҚРДФ Президентіне тікелей бағынады. Төрағаның орынбасары және хатшы ОАК төрағасына бағынады.



4.6. Егер төраға өз міндетін дұрыс атқара алмаған жағдайда, ҚРДФ атқару комитетінің бюросы ҚРДФ Президентінің негіздеуімен хат жолдайды, және ол Орталық аттестациялау комиссиясы төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға ықпал етуі мүмкін.

4.7. Төраға өкілеттілігінің мерзімге дейін тоқтату жағдайында, ҚРДФ атқару комитетінің бюросы бұл лауазымға басқа тұлғаны тағайындайды.

4.8. Төрағаның орынбасары, хатшы және бас сарапшылар өз міндеттерін осы Ережеге сәйкес және ОАК төрағасының тапсырмасымен орындайды.

4.9. Бас сарапшыларды ОАК төрағасы орынбасарының ұсынысымен 4 жыл мерзімге Орталық аттестациялау комиссиясының төрағасы тағайындайды.

4.10. Аттестациялық комиссия бөлімшелерінің сарапшылары ретінде біліктілікті жоғарлату курсынан өткен және төменде көрсетілген сертификаттары бар мамандар болып табылады:

- «5,4,3 КЮ атағын беру жөнінде сарапшылар сертификаты»

- «2-1 КЮ атағын беру жөнінде сарапшы сертификаты»

4.11. КЮ дәрежесін беру жөнінде сертификат алу үшін маман оқудан өту қажет, емтихан тапсырып, жағымды баға алуы тиіс.

4.12. Сарапшылардың оқудан өтулері мен біліктіліктерін жоғарлату, оның ішінде өткізілу мерзімдері мен жері ОАК төрағасы белгілейді, облыстық бас сарапшылардың ұсыныстарын есепке алумен.

4.13. Оқу теоретикалық және тәжірибелік сабақтарды қамтитын семинар ретінде өтеді.

4.14. Семинарға қабылдану үшін әрбір үміткер келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- жеке бас куәлігінің көшірмесі:

- спорттық және бапкерлік біліктілік туралы құжаттардың көшірмесі:

- ДАН «Сертификат»-ның көшірмесі;
- бапкерлік өтілді растаушы құжаттардың көшірмесі;
- жоғарғы білім туралы дипломның көшірмесі;
- спортшы-нұсқаушыларға клубтан (немесе жіберуші ұйымнан) өтініш.

4.15. ҚРДФ Сертификаты бар сарапшылар әр бес жыл сайын кем дегенде бір рет біліктіліктерін жоғарылатып тұрулары тиіс.

## **5. КЮ біліктілік дәрежесін тағайындауға аттестациялау тәртібі**

5.1. КЮ оқушы біліктілік дәрежесіне аттестациялау облыстың немесе ОАК бас сарапшысының бақылауымен спорт мектептерінде, клубтарында, аттестациялау комиссиясының жергілікті және өңірлік бөлімшелерінде іске асырылады.

5.2. КЮ біліктілік дәрежесін беру аттестациясы жылына екі рет өткізіледі. Оқу жылының соңында және күнтізбелік жылдың соңында. Дәреже бойынша өрбу қатал уақыт шеңберінен өту қажет.

Егер спортшының тиісті спорттық разряды мен жасы сәйкес болса (барлық тиісті құжаттарды көрсеткенде), 4,3,2,1 КЮ аттестациялауға рұқсат етіледі. Осылай аттестацияланған жағдайда спортшыға КЮ-дың алдыңғы дәрежелері бойынша қосымша сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

5.3. Емтихан тапсыруға келесі кестедегі көрсетілген уақыт санына сәйкес шұғылданған спортшылар жіберіледі:

<b>Белбеу</b>	<b>Дәреже</b>	<b>Жаттығулардың басталуы</b>
Ақ	6 КЮ	6 ай
Сары	5 КЮ	1 жылдан кем емес
Сарғыш	4 КЮ	2 жылдан кем емес

Жасыл	3 КЮ	3 жылдан кем емес
Көк	2 КЮ	4 жылдан кем емес
Қоңыр	1 КЮ	5 жылдан кем емес

5.4. Аттестациялауды аттестациялау комиссиясының бөлімшесінің сарапшылар өткізеді (екі адамнан кем емес), сонымен қатар үшінші сарапшы болып табылатын және емтиханды бақылайтын облыстық бас сарапшы міндетті түрде қатысуы тиіс.

5.5. КЮ дәрежесін аттестациялауды айқындайтын осы Нұсқаулықта әрбір аттестациялау дәреже талаптары белгіленген (1 Қосымша). Қосымша аттестациялық комиссияның талаптарына сәйкес негізгі талаптарды алға тарту кезінде кететін қателерді аттестациялау субъектісі таңдап, талап негізінде пайдаланады.

5.6. КЮ ғылыми дәрежесін алуға аттестаттауды ұйымдастыру регламенті:

5.6.1. ОАК комиссиясы емтихан тапсыруға емтихан тапсырғысы келетіндерді, емтиханға 1 ай қалғанда ОАК-дағы өтінім (1-К нысаны) негізінде тіркейді (өтетін жерін, адам санын көрсетеді), аттестаттауға қатысатын сарапшылардың толық аты-жөні (сарапшылар сертификаттарының көшірмелері ОАК сұранысы бойынша беріледі), тиісті дәрежедегі дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері);

5.6.2. Толтырылған өтінімнің негізінде әрбір қатысушы үшін Қазақстан Республикасы ДФ ағымдағы шотына аттестаттау жарнасы төленеді (КЮ сәйкес дәрежесі үшін алым сомасының кестесіне сәйкес). Жаттықтырушының, ұйымның аты-жөні, сертификатталатын адамдардың саны көрсетілген төлем түбіртегінің көшірмесі ОАК өкіліне жіберіледі;

5.6.3. Сертификаттау жұмыс хаттамаларын рәсімдеу арқылы жүзеге асырылады (3-К нысаны);

5.6.4. Сертификаттау бейне және фотосуреттермен жазылады (әр КЮ үшін таңдаулы 2-3 бейнежазба түсіріледі, сарапшылардың бірнеше фотосуреті, салтанатты жиын мен сертификат тапсыру процесі өзі түсіріледі), бейнежазба мен фотосуреттер ОАК өкілдеріне жіберіледі;

5.6.5. Аттестаттау нәтижелері бойынша сертификат бланкілері дайындалып, жіберіледі.

5.6.7. Аттестаттау нәтижелері аттестаттаудан өткендердің әрқайсысына берілген сертификат бланкінің бірегей нөмірін көрсете отырып, қорытынды хаттамамен рәсімделеді (2-К нысаны).

5.6.8. Сертификаттарды алғаннан кейін салтанатты тапсыру рәсімі өтеді.

5.7. Аттестация қорытындысы хаттамамен рәсімделеді (2-К нысаны). Құжаттар облыстық бас сарапшысына тапсырылады.

5.8. Аттестациядан өткен субъектілерге берілген сертификаттардың жеке нөмірлерін көрсете отырып, аттестацияның хаттамасы ҚРДФ сайтында жарияланады.

5.9. 1 және 2 КЮ дәрежелері бойынша «Куәліктерді» тіркеу және дайындау кезінде ҚРДФ мүшесі ретінде үздіксіз өтілі есепке алынады.

5.10. Аттестациялық «Куәліктердің» бланкілерін облыстық бас сарапшы бекітеді және береді. Аттестациялық бөлімдердің сарапшылары бланкіні алу үшін облыстық бас сарапшыға келесі құжаттарды өткізеді:

- «КЮ дәрежесіне тиісті берілетін сарапшы сертификатының» көшірмесі;

- «Куәліктер» бланкілерінің санына өтініш ;

- атаулы өтініштер (1-К нысаны).

- қажетті спорттық дәрежені растайтын құжаттардың көшірмелері;

5.11. Облыстық бас сарапшы емтихан қорытындылары бойынша сертификатқа жеке нөмір береді. Бас сарапшы жеке нөмірлерді ОАК алады. Қорытынды хаттаманы дай-

ындайды (2-К нысаны) және ОАК емтихан қорытындыларын тіркейді.

5.12. Қорытынды хаттамалардың түп нұсқалары, атаулы өтініштер, сертификаттарды беру тізімдемесі бас сарапшыда 2 жыл бойы сақталады. Сертификаттар нөмірлері ОАК мәліметер базасында сақталады.

## **6. ДАН біліктілік дәрежесін беруден аттестациялау тәртібі**

6.1. ДАН біліктілік дәрежесін беруден аттестациялауды Орталық аттестациялық комиссия жүргізеді (ОАК).

6.2. Сарапшылар комиссиясының құрамы мына талаптарға сай болуы тиіс

<b>Нәтижелерді бекітетін аттестациялау комиссиясының деңгейі</b>	<b>Берілетін біліктілік деңгейі</b>	<b>Сарапшы біліктілігі</b>
Орталық аттестациялау комиссиясы	1-2 ДАН	4 ДАН және одан жоғары
Орталық аттестациялау комиссиясы	3-4 ДАН	5-6 ДАН және одан жоғары
Орталық аттестациялау комиссиясын таныстыратын ҚРДФ төралқасы	5-6 ДАН	Шақырылған сарапшы

6.3. ДАН әрбір біліктілік дәрежесін беру үшін қойылатын аттестациялау талаптары осы Ережеде көрсетілген (11 тармақ).

6.4. Дзюдодағы кәсіби қызметінің түрі бойынша аттестациялау үшін, Орталық аттестациялық комиссияның мекен-жайына электронды пошта арқылы рәсімделген «Таныстыру» (ТУ нысаны) және басқа да рәсімдеуге қажетті құжаттарды жібереді.

6.5. дзюдо-КАТА бойынша біліктілік дәрежесі берілген жағдайда субъектіге КАТА бойынша аттестациялау емтихан тапсыру керек, оны КАТА бойынша Сарапшылар мен орталық аттестациялау комиссиясы немесе КАТА бойынша Қазақстан Чемпионаты арнайы емтихан ұйымдастырады. Халықаралық федерация талаптары негізге алынады. (КАТА бойынша Кесте).

6.6. Аттестациялау субъектісі аттестациялау комиссиясына ДАН дәрежесін беруге емтиханға қатысуға өз атынан өтініш беруі керек (1-Д нысаны) немесе кәсіби қызметі нәтижесіне сай ДАН дәрежесін беру үшін ресми рәсімделген құжаттар комплектісін тапсыруы керек.

6.7. Аттестация нәтижелері хаттамамен рәсімделеді (2-Д нысаны)

6.8. Есептік құжаттар: аттестациялық хаттама (Ф-2-Д), өтініштің көшірмесі (Ф-1-Д),

Жарыс хаттамасы (Ф-3-Д), құжаттар жиынтығы ҚРДФ аттестациялық комиссиясына беріледі.

6.9. Аттестациялық куәліктерді (сертификаттарды) ҚРДФ аттестациялық комиссиясынан алады.

## **7. Дзюдода кәсіби қызмет бойынша аттестациялануда «Таныстыруға» қоса берілетін құжаттар:**

7.1. Спортшылар үшін:

- аты-жөні және туған жылы көрсетілген төлқұжат көшірмесі;

- нәтижелер көрсетілген жарыстар хаттамасының көшірмесі;

- біліктілікті растайтын құжаттар көшірмесі (разряд, атақ, немесе СШ, ХДСШ, ЕСШ куәліктерінің көшірмесі, бұдан бұрынғы ДАН «Сертификатының» көшірмесі;

7.2. Жаттықтырушылар үшін:

- аты-жөні және туған жылы көрсетілген төлқұжат көшірмесі;

- жаттықтырушы ретінде еңбек өтілін растайтын құжаттың көшірмесі (дзюдодан оқу процесін жүргізуге байланысты жаттықтырушылық және педагогикалық саладағы еңбек өтілі);

- жаттықтырушы санатын беру туралы, ДАН беру туралы бұдан бұрынғы сертификаттық құжаттар көшірмесі;

- «Қазақстанның еңбегі сіңген жаттықтырушысы» куәлігінің көшірмесі (5 немесе 6 ДАН беру үшін);

- Спортшының белгілі бір спорттық жетістіктерге жетуі кезінде ол осы жаттықтырушымен жаттығу өткізгені туралы мәлімдеме, жарыс хаттамасының көшірмесі, көрсетілген деректерді растау үшін спортшының ОАҚ-пен байланыс телефондары. Бір спортшы үшін ДАН-ға 2 жаттықтырушыдан (бірінші жаттықтырушы, жеке жаттықтырушы және т.б.) артық өтініш бере алмайды.

- жоғары дене шынықтыру білімі туралы дипломының көшірмесі.

### 7.3. Төрешілер үшін:

- аты-жөні және туған жылы көрсетілген төлқұжат көшірмесі;

- төреші ретіндегі еңбек өтілін растайтын, дзюдодан ұлттық федерация мақұлдаған құжаттар көшірмесі;

- төреші куәлігінің көшірмесі, онда төреші санаты мен берілген күні көрсетіледі;

ДАН беру туралы бұдан бұрынғы сертификат көшірмесі;

- өңірлік дзюдо федерациясынан ҚРДФ комиссиясы ойын төрешілерінің қолы қойылған қолдаухат (ойын төрешілерінің директоры, спорттық директор)

- РК ДФ төреші-директорының қолдаухаты (қол қойылған)

### 7.4. КАТА бойынша маманданатындар үшін:

- аты-жөні және туған жылы көрсетілген төлқұжат көшірмесі;

- 1-Д нысаны бойынша өтініш көшірмесі;
- техникалық нормативтерді тапсырғаны туралы, 2-Д нысаны бойынша орындалған аттестациялау хаттамасы көшірмесі – тори және уке ролінде;
- ДАН беру туралы бұдан бұрынғы сертификат көшірмесі;
- КАТА-ны алдын ала тапсыру туралы бейнежазба.

7.5. Дзюдодағы басқа қызмет түрлері бойынша мамандар үшін:

- аты-жөні және туған жылы көрсетілген төлқұжат көшірмесі;
- жеке өтініш;
- ҚРДФ қолдаухаты;
- негіздеу (өзінің қызмет түрі бойынша жұмыстар нәтижесін алға тарту):
- ДАН беру туралы бұдан бұрынғы сертификат көшірмесі;

7.6. ОАК құжаттар көшірмесін танысып және тексергеннен кейін құжаттар көшірмесі қолға тигеннен күннен бастап 30 күн ішінде ДАН беру туралы шешім шығарады.

7.7. Шешім аттестациялау субъектісіне электронды байланыс құралдары немесе байланыс телефоны арқылы хабарланады. «Сертификатты» облыстық бас сарапшысына жедел поштамен жібереді.

7.8. «Сертификатты» рәсімдегенде «Қазақстан Республикасының дзюдо Федерациясының мүшесі» есебінде үзілмеген өтілі есепке алынады және дзюдодан спорт, жаттықтыру, төрешілік және басқа да қызметтің нәтижелерін расталады. Әрбір кейінгі ДАН дәрежесін тіркеу кезінде дзюдодан жаңа нәтижелермен растау қажет.

7.9. Құжаттар дұрыс рәсімделмеген немесе кей құжаттар жетіспеген жағдайда аттестациялау объектісі құжаттар ұсыну рәсімін қайталауы тиіс.

## 8. Апелляцияны қарау.

8.1. Аттестациялау кезінде даулы мәселе туа қалған жағдайда мүдделі тарап Орталық аттестациялау комиссияға апелляция бере алады.



8.2. Орталық аттестациялау комиссиясы төрағасының шешімі шағымдалмайды.

9. Спорттық қызмет нәтижесіне байланысты ДАН біліктілік дәрежесін беру.

9.1 ДАН біліктілік дәрежесін берудегі аттестациялық талаптар

<b>ДАН</b>	<b>Нәтиже</b>	<b>Спорттық атақ</b>
<b>1 ДАН</b>	Жастар арасында ҚРЧ 1-орын, Ерлер мен әйелдер арасындағы ҚРЧ 3-орын, Ересектер арасындағы ҚР Спартакиадасында 3-орын ҚР жастар ойындарында 1-3 орын, 23 жасқа дейінгі ҚР чемпионатында 1-2 орын, ҚР Шеберлер турнирлерінде 1-орын. Ересектер арасындағы пара және сурдо дзюдодан ҚРЧ 1-орын, Жастар арасындағы Континенталдық кубоктарда 1-орын.	<b>СШ</b>
<b>2 ДАН</b>	Ересектер арасында ҚРЧ 2-орын, Ересектер арасындағы ҚР Спартакиадасында 2-орын, Әлем Чемпионаттарында немесе халықаралық спорттық ведомстволар мен ұйымдардың әлемдік ойындарында 3-орын, Әлемдік Универсиадада 3-5 орын, Жасөспірімдер арасындағы Азия Чемпионатында 1-2-орын. Кадеттер арасындағы Азия Чемпионатында 1-орын. Кадеттер арасындағы Әлем Чемпионатында 1-орын, Ардагерлер арасындағы Әлем Чемпионатында 1-орын, Дзюдо, пара дзюдо, сурдо дзюдодан «Grand Prix» санатында, Халықаралық жарыстарда 3-орын. Пара и сурдо дзюдодан ҚРЧ екі мәрте 1-орын, Пара және сурдо дзюдодан Азия чемпионатында 3-орын, Ересектер арасындағы Континенталдық кубоктарда 2-3-орын.	<b>СШ, ХДСШ</b>
